

Қ. Бағашаров<sup>1</sup>, Ғ. Тобашев<sup>1</sup>, Н. Тутинова<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қазақстан, Қарағанды қ.

\*e-mail: nurtut86@mail.ru

## «КЕМЕЛ АДАМ» ТҰЖЫРЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Мақалада соңғы уақыттарда Қазақстан қоғамында қайта жаңғырту көзделген «Кемел адам» тұжырымы төңірегінде туралы сөз болады. Кемел адам тұжырымы Ибн Араби секілді мұсылман ойшылдардан басталған, Тасаууыф ілімінде ерекше орын алған, қазақ даласында Абайға дейінгі аралықта әркез көтеріліп келген тақырып. Кемел адам тұжырымына берген мұсылман ойшылдардың анықтамалары, осы ұғымның әр қырын ашудағы ерекшеліктер, тасаууыфтағы мәні, жалпы аксиологиялық құндылығын ашудың мәні зор. Ол қазіргі қоғамдағы бірқатар келеңсіздіктерге: адами қасиеттерден ажырау, діни төзімсіздік, рухани моральдық құндылықтардың азаюы, дегредация т.с.с. алдын алуға қаншалықты септігін тигізе алады? Осы сұраққа жауаппен қатар адамдық кейпінен ажыраған пенде мен адамгершілік рухани толысқан пенде бейнесі, олардың қоғам үшін мәні туралы қарастырылады. Кемел адам – әлемді, қоғамды дұрыс жолға бастайтындығы, сондай-ақ ел ішінде туралықты жаяды, адамдар арасындағы нашар әдеттерді айыптайды, одан гөрі тәртіпті насихаттайдығы туралы айтыла келе, көптеген ғұламалардың айтылған идеяларына тоқталып, біраз мәселелер талданады. Жақсы білім заттар мен құбылыстардың астарына үңіліп, соған сай жаңа өмір қалыптастыру мәселелері де жан-жақты айтылды.

**Түйін сөз:** кемел адам, Ибн Араби, тасаууыф, мұсылман ойшылдар, ислам.

K. Bagasharov<sup>1</sup>, G. Tobashev<sup>1</sup>, N. Tutinova<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Kazakhstan, Karagandy

\*e-mail: nurtut86@mail.ru

### The concept of “Perfect Man” and its axiological meaning

The article discusses the concept of “Perfect Man”, which has recently been revived in Kazakhstani society. The idea of a perfect man, which originated with such Muslim thinkers as Ibn Arabi, occupies a special place in the teachings of Sufism and existed in the Kazakh steppes before Abai. The definitions of the concept of a perfect person by Muslim thinkers, the features of various aspects of this concept, the meaning in Sufism, the importance of revealing the general axiological value are given. To what extent can the concept of the “Perfect Man” contribute to the prevention of such problems of modern society as the loss of human qualities, religious intolerance, the loss of spiritual and moral values, human degradation, and so on? Along with the answer to this question, the image of a person deprived of humanity is considered, as well as the image of a spiritually filled person, their significance for society. Saying that the “Perfect Man” leads the world and society in the right direction, also condemns bad habits among people, but rather promotes order in the life of every person. Here, issues related to the formation of a new life were discussed in detail, thereby focusing on the background of a good knowledge of objects and phenomena. The task of a perfect person is to delve into the phenomena of the universe, to form life skills based on truth.

**Key words:** Perfect Man, Ibn Arabi, tasawwuf, Muslim thinkers, Islam.

К. Бағашаров<sup>1</sup>, Ғ. Тобашев<sup>1</sup>, Н. Тутинова<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Карагандинский университет Казпотребсоюз, Казахстан, г. Караганды

\*e-mail: nurtut86@mail.ru

### Понятие «Совершенный человек» и его аксиологическое значение

В статье рассматривается концепция «Совершенный человек», которая в последнее время возрождается в казахстанском обществе. Идея совершенного человека, зародившаяся у таких мусульманских мыслителей как Ибн Араби, занимает особое место в учении суфизма и существовала в казахских степях до Абая. Даны определения мусульманскими мыслителями

концепции совершенного человека, особенности различных аспектов этого понятия, значения в суффикзме, важности раскрытия общей аксиологической ценности. В какой степени концепция «Совершенный человек» может способствовать профилактики таких проблем современного общества как утрата человеческих качеств, религиозная нетерпимость, потеря духовно-нравственных ценностей, человеческая деградация и так далее? Наряду с ответом на этот вопрос рассматривается образ человека, лишённого человечности, также и образ духовно наполненного человека, их значение для общества. Говоря, что «Совершенный человек» ведёт мир и общество в правильном направлении, также, осуждает дурные привычки среди людей, а скорее способствует порядку в жизни каждого человека. Здесь подробно обсуждались вопросы касающиеся формирования новой жизни, тем самым акцентируя внимание на фоне хорошего познания предметов и явлений. Задача совершенного человека — вникнуть в явления мироздания, сформировать навыки жизни, основанные на истине.

**Ключевые слова:** совершенный человек, Ибн Араби, тасаввуф, мусульманские мыслители, ислам.

## Кіріспе

Тақырыпқа кіріспес бұрын ислам дінінің жалпы адам баласына деген көзқарасын нақтылап кеткен орынды. Ислам дінінде адам – өте қадірлі әрі құрметті. Құран аятында бұл туралы «Ант етейік, Біз адам баласын абыройлы еттік, олардың құрлықта әрі теңізде жүруін қамтамасыз еттік. Таза нәрселермен оларды ризықтандырдық. Жаратқандарымыздың көбінен оларды артық еттік» делінген (Құран, 2015: 17/70). Тіршілік иелерінің арасында тек адам баласына ғана ақыл беріп, оны басқалардан үстем еткен. Адамдар арасын ұлтына, нәсіліне, жынысына, лауазымына, әлеуметтік табына қарай алаламай, баршасын теңдей көрген. «Адамдар – Адамның балалары, Адамды Алла топырақтан жаратты» деген хадисте осы шындық айтылған. Ислам адамның сенімін жоғары бағалаған. «Алла араларыңнан иман еткендер мен оларға ілім берілгендердің дәрежелерін биіктетеді» (Құран, 2015: 58/11), «Сенімі бар бір құл өздеріне ұнаған пұтқа табынушыдан артық» (Құран, 2015: 2/221). Алла есебіндегі үстемдік не артық болу оның бұйрықтарына бағынып, тыйымдарынан сақтану деген мәнді білдіретін «тақуалық» негізімен көрсетілген. Ислам бұған қоса, адамның амалы мен өмір сүру салтын да ерекше бағалайды. Сеніміне сай өмір сүргендер мен дінді ұстанбағандарды тең тұтпайды. «Істегендеріне қарай әрбірінің дәрежелері бар» (Құран, 2015: 6/132), «Кім жақсы іс жасаса, оған он есе сауабы беріледі, кім жамандық жасаса соған сай жазаланады, оларға әділетсіздік жасамайды» (Құран, 2015: 6/160). Бұдан бөлек, Жаратушы ие адам баласын ең көркем бейнеде жаратып (Құран, 2015: 95/4), жер бетіне халифа еткен (Құран, 2015: 2/30). Яғни, ең қадірлі болмыс болып жаратылған адамның негізгі міндеті кемелдікке ұмтылуы. Ол бұл дүниеге ештеңеден

хабарсыз, шикі күйінде келеді. Өмір сүре келе танымы мен білімі жетіле түседі. Өзінің түпкі мақсатына сай кемелдік жолына түсуінде адамгершілік рухани тұрғыдан толысудың мәні ерекше. Осы тұрғыдан келгенде, бұл дүниеге келген адамның негізгі міндеттерінің бірі кемелденуге тырысуы деуге толық негіз бар. Бұл оның ең қадірлі жаратылыс болу ерекшелігіне сай келеді.

## Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Аталған тақырып адамзат тарихының қай кезінде де өзекті болып келді. Дегенмен Қазақстан қоғамында соңғы уақыттарда толық адам тұжырымы, кемел адам концепциясы туралы жоғарғы лауазымды тұлғалар да мәселе көтерді. Осы негізбен тақырыптың өзектілігі тіптен арта түсті. Мақаланың мақсаты кемел адам ұғымының шығуын, қалыптасуын, тасаууыфтағы орнын, оған берілген анықтамалар шеңберінде оның мәнін ашу, ал міндеттері ретінде ойшылдардың көзқарастарын саралап, талдау екенін көрсетуге болады.

## Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Тақырыпты зерттеуде, оның ішкі мәнін ашуда жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Соның ішінде «Кемел адам» тұжырымының шығуын, қалыптасуын зерттеуде концептуалдық талдау, тарихи негіздерін ашуда тарихи талдау, берілген анықтамаларды өзара салыстырып қарауда салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды.

## Негізгі бөлім

«Инсаны камил» ұғымы сөздікте жолбасшы, дәлел, жол сілтеуші деген мағыналармен берілген

(Efendi, 1305: 871-873). Бұдан бөлек, шейх, кәміл мүршид, пір, уәли сөздерімен синонимдес. Тасаууыф ілімінде ол – сүннетті ұстанушы кісі, Мұхаммед пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ахлақынан үлгі алған жан, Алланың бұйрықтарына бағынған, тыйымдарынан бойын аулақ салған, жүрегі Аллаға деген сүйіспеншілікке тола, жасаған амалдарымен мәртебесі биіктеген жан. Яғни, кемел адам Хақ пен халықтың арасындағы арқау, Хақтың шарапаты, көмегі сол арқылы тарайды. Хақтан басқа нәрсенің бәрі биікте не төменде. Сол екеуінің арасындағы барзахият болмаса, байланыс жоқтығынан иләхи көмек әлемінен еш нәрсе жетпес еді (Sebecioglu, 2004: 314.). Сопылық ілімде «Кемел адам» шарифат үкімдерін басшылыққа алатын, сүннет жолынан таймайтын, шыншыл, байыпты, ынсапты жан. Дегенмен тасаууыф өкілдерінің көзқарасында, адам шарифатпен қатар тариқат пен ақиқатты да қатар алып жүруі тиіс. Яғни сопылар риязат ұстамаған, тариқаттағы мақаматтарды жеке-жеке өтпеген, пәни дүниенің қызықшылығынан көңіл суытпаған, нәпсіқұмарлықтан арылмаған, иләһи ғашықтықпен күйіп жанбаған, иләһи сырлар әлеміне бойламаған жанды кемел адам деп есептемеген.

«Хижри жетінші ғасырға дейін ислам әдебиетінде «кәміл» немесе «толық адам» теңеуі қолданылмаған, бұл ұғым осы уақыттан кейін қолданыла бастады, Европада қазір өзекті. Сопылық әдебиеттерде жиі қолданылатын әрі осы түсінікке негіз болатын «Алла Адамды өз бейнесінде жаратты» деген хадисты Халлажы Мансур Алла адамның өзінен табылып, өзінде көрініс бергенін, осы түсінік Ибн Арабидың инсаны камил туралы ойлануына негіз қалағанын айтады (Sinanoglu, 2008: 94).

«Жетілген адам» ұғымын алғаш болып айтқан ғалымдар арасында Ибн Сина мен Ибн Туфайл да бар. Дегенмен бұл ұғымды алғаш рет салмақтап ұсынған ойшыл Ибн Араби (қ.ж. 638/1240) ретінде мойындалған. Ол адамзаттың бабасы Адам атаны (оған Алланың сәлемі болсын) алғашқы күнәкар адамнан гөрі алғашқы кемел адам үлгісі ретінде қараған. Осы аядан шықпай Адамға тән ерекшеліктерді бір-бірімен тығыз қатысты үш негізгі ұғыммен қолға алған: Алланың барлық есім мен сипаттарының үшқынын бойында жинақтап көрсетуші. Адамның бар болуындағы қайшылықтар, әлемдегі орны мен білімін білдіретін барзахия. Адамның осы бар болуы мен білім жағдайы қажет ететін тұрғыда жер бетінде ахлақтық ұстанымдарға

негізделген оның халифалығы. «Ибн Арабиде жүйелене түскен «уахдатәл ужуд» идеясындағы «кемел адам» теориясы адамның әлемдегі орны мен маңызы турасында аса маңызды тақырыптардың бірі. Тасаууыф тарихының маңызды мәселелерінің бірі кемел адам түсінігі болмыс пен білім мәселелеріне қатысты болумен қатар діни әрі ахлақтық қырлары да бар терең идеялық әрі рухани тәжірибенің жемісі ретінде көзге түседі. «Уахдатәл ужуд» түсінігін әсіресе суфизм ойшылдары кең тұрғыда қабылдағанына қарағанда әрі араларындағы кейбір айырмашылықтарын бір жаққа ысырғанда, «адам» мәселесінің тасаууыф тұрғысынан Хақ, әлем және адам үштігінде қолға алынғанын көреміз» (Muhiddinov M., Eltazarov J., 2013: 490-491). Ибн Араби кемел адам туралы ойларын кейбір аяттар мен хадис шәріптерге негіздеген. Ол аяттар: Бақара 2/30, Исра 17/70, Тин 95/4, Ғашия 45/13, Ахзаб 33/21, Каһф 18/65, Әнбия 21/107. Жоғарыда айтылғандай, әсіресе хазірет Адам мен Мұхаммед пайғамбардың жаратылысына қатысты хадистерге жүгінген. Ибн Арабидің пайымынша, әлемнің бар болу себебі мен оны қорғаушы ол – кемел адам. Алла тағаланы тек кемел адам ғана тани алады. Өйткені ол Алланың абыройлы есімдеріне ие. Енді бір жағынан болмыс мәртебелерінің ең соңғысы да кемел адам мәртебесі. Бұл мәртебе «лә тағаяуннан» тыс барлық мәртебелердің ақиқатын қамтиды. Осы себепті оны «кәуни жами», «алам и акбар» деп атаған (Kilic, 2015: 493-516.). Ибн Арабидың адам түсінігінің орталығын «кемел адам» көзқарасы құрайды. Ол барлық себептердің ең жоғарғысы әрі басты себебі ретінде «Мухаммадия хақиқатын» алға тартады. Дегенмен Ибн Араби осы тақырыпқа қатысты ойларын келтіргенде, жаратылыстар арасындағы кемел адам сипаты негізінен хазірет Мұхаммед пайғамбарға тән екендігін білдіреді. Өйткені оның ойынша, өзге кемел адамдар (пайғамбарлар мен уәлилер) осы сөздің (кулли ақыл) тек сыртқы көрінісіне ғана ие (Kilic, 2015: 126-127). Сопылық ілімнің тағы бір көрнекті өкілі Абдулкарим әл-Жили (т.ж.1365-66) өзінің бірқатар еңбектерін Ибн Арабидың идеяларын түсіндіруге арнаған. әл-Жили кемел адам туралы ойларын Ибн Араби идеяларымен сабақтастыра тарқатады. Ол кемел адамға ең лайықты үлгі ардақты Мұхаммед пайғамбар екенін білдіреді, «ғаус», «кутуб» сияқты рухани биік дәрежелер содан кейін жалғасатынын айтады. Ойшылдың пайымынша, жай пенделерде Кемел кісидегі иләхи сипат пен қасиеттердің тек көшірмелері ғана бар, олар

«түпнұсқа» іспетті Кемел тұлғаға қаншалықты жақындаса, соншалықты кемелдікке қол жеткізеді. А. Жили бұл туралы былай түсіндіреді: «Инсаны камил Мұхаммедті білдіреді, ол Хаққа да, халыққа да қатысты. Біліп қой, бұл бөлім кітаптың басқа бөлімдерінің мазмұны. Тіпті басынан аяғына дейін барлық кітап осы айтылған бөлімді түсіндіреді. Бұл сөздің мағынасын жақсы түсін! Мынаны да біл, адам түрінің әрбірі толықтай келесі бір адамның нұсқасы. Аяқ, қолдан айрылу, жатырда бір кемтарлыққа тап болмайынша бір адамның бойында бар нәрсе басқаларда да болады. Тосын жағдай кездеспейінше екі адам бір-бірінің айнасы іспетті. Дегенмен кей адамдарда қасиеттер (әшия) билкууа болса, басқаларында ол билфигл болады. Алдыңғылар нәби мен уәлилердің кемелдері. Мынаны да біл, бұлардың кемелдігінде де айырмашылықтар бар. Кейбірі кемел болса, енді біреулер одан да кемел (әкмал). Кемелдігінде нұқсаны барлар кемелдігі мінсіздерге ереді. Дегенмен еңбектерімде айтқанымдай, абсолютті кемелдік сөзімен Мұхаммедті меңзеудемін. Менің осы атауымда толық Кемел адам дәрежесіне ишаратым мен ескертуім де бар. Яғни ол ишаратпен хазірет Мұхаммедтен басқаны нұсқау дұрыс болмайды. Өйткені бірауызды келісіммен кемел адам сол болып табылады. Оның жаратылысы мен ахлақы кемел делінгендердің ешбірінде жоқ. Алла сені сақтасын! Біліп қой, Кемел адам басынан бақайына дейін болмыс атаулы соны айналаумен болатын «Полнос» (кутуб). Осы себепті ол болмыстың басынан соңына дейін дара болып табылды. Дегенмен мынаны да біл, оның түрлі бейнелері (киімдері) бар, солармен көрінеді. Осы киімі себепті оған берілген ат өзге киімі себепті оған берілмейді. Оның негізгі аты Мұхаммед, куниясы Әбу Қасым, сипаты Абдуллаһ, лақабы Шамсаддин. Өзге киімдері себепті де есімдері бар. Әр уақытта сол уақытқа сай келетін есімі болады. Мынаны да біл, Инсан ы камил барлық ғалам ақиқаттарына тең келеді... Хазірет Пайғамбардың «Алла Адамды Рахманның бейнесінде жаратты» және «Алла адамды өз бейнесінде жаратты» хадисінің мәні мынау: Алла – Хайи, Алим, Қадир, Мүрид, Самиғ, Басир, Мутакаллим және т.б. Сол сияқты адам да Хайи, Алим т.с.с.» (Cili, 1963: 44). Шамамен 13-14 ғғ. өмір сүрген ғалым Азиз Нәсәфи «Китабул инсанил камил» еңбегінде «Кемел адамның» мына төрт қасиетіне көңіл аудартады: жақсы сөз, жақсы амал (іс), жақсы мінез және білімде жоғары тұруы. Ол мынандай ой айтады: «Кемел адам – әлемді, қоғамды дұрыс жолға бастайды,

ел ішінде туралықты жаяды, адамдар арасындағы нашар әдеттерді айыптайды, одан гөрі тәртіпті насихаттайды, жұртты Аллаға шақырып, оның ұлылығын, жалғыздығын білдіреді, ақыретті көп мақтап, сол жақтағы бақи өмірді айтады, дүниеге көңіл суыттырып, дүниенің құбылмалылығы мен баянсыздығын айтуды өзіне ең жақсы ғибадат деп біледі. Халық байлық пен тәнқұмарлықтан алыс болуы үшін дәруіштікті мақтап, байлықты жамандайды, ізгілердің ақыретте жұмаққа, нашарлардың тозаққа баратынын уәде етеді. Жұмақтың әсемдігін, тозақ есебінде кездесетін қиындықтарды әсірелеп жеткізеді. Адамдарды бір-біріне мейірімді, жанашыр болуға шақырады. Ол білетін ең жақсы құлшылық осы». Жоғарыдағы ойды тарқатар болсақ, жақсы мүмин әрдайым жақсы сөз иесі болуы тиіс. «Олар Алла жүректердегіні білетін жандар. Ендеше, оларға берілме. Оларға насихат айт, оларға өздері жайлы әсерлі әрі жақсы сөз айт» (Құран, 2015: 4/63) деген мұсылмандарды тек жақсы сөз айтуға шақыруда. Хазірет пайғамбар да бұл туралы «Жақсы сөз – садақа» деген. Аят пен хадистерде келген осы талапты сопылық өкілдері жоғарғы адамгершілік қасиеттердің бірі ретінде қабылдаған. Екінші ұғым жақсы амал (іс). Құранда көбіне «салих амал» ретінде өтеді, ізгі мұсылман болудың әрі ақыретте мұратқа жетудің бірі иманмен қатар салих амал жиі аталады. Айталық, Алла мен пайғамбарының бұйрықтарына бағыну, жамандықтарды жоятын жақсылықтар жасау, ата ана, жетім жесірлерге жанашырлық таныту, жақсылық жасау, араласқан адамдарға жылы жүз таныту, мүминдердің ісін жеңілдету, оларға дөрекілік танытпау, дүниеқұмарланбау, турашыл болу секілді ізгі қасиеттер кемел адамға жарасты қасиеттер ретінде қабылданған. Ойшыл атаған үшінші қасиет ол көркем мінез. Көркем мінез, адамгершілік қасиеттерді жетілдіру сопылық ілімде кемелдіктің шарты ретінде қарастырылады. Нәсәфидің пайымынша, адамдар өздерін танып, көркем мінезге ие болса, кемелдікке бой ұрады. Негізі тасаууыф іліміндегі мақсаттың өзі осы. Алайда өзін танумен қатар көркем мінезге ие болмаған адамдар кемшілікті қабылданумен қатар көркем мінезді болғанмен өзін танымағандар да кемшілікті. Өйткені адамның кемелділігі өзін тану әрі көркем мінезге қол жеткізуімен тікелей байланысты (Nesefi, 1997: 71). Жақсы білім дегені өзін, әлемді, ақырет пен Жаратушыны тануына қатысты. Мутасаууыфтар ішкі мәнге бойлауда шарифат, тарикат, ақиқат пен мағрифат атты төрт сатылы жолдың соңғы екі сатысында саликтің

(сопылық жолдағы жанның) жақсы біліммен өзін танып, нәтижесінде Ұлы Алланы тануын көздеген. Бұдан бөлек, ақиқат біліміне жету дәрежелерін анықтайтын илмал яқин, айнал яқин және хаққал яқин ұғымдары да адамның өзін тануынан бастап, Алланы тануға жетуін меңзеуде. Ғалам құбылыстарының астарына үңіліп, соған сай жаңа өмір қалыптастыру тасаууыфшылардың мақсаттарының біріне жатады (Simsek, 2016: 439).

Б. Акот өзінің мақаласында тасаууыф жүйесінде кемел адам ұғымына ишарат ететін мынандай түсініктер де бар екенін атап көрсетеді: а) Тәнәзулат-ы сабға: лә тағаюн (ахадият мәртебесі, тағаюн әууәл мәртебесі, тағаюн и сани, мәртаба и әруах, малакут әлемі, мисал әлемі, шахадат әлемі, мадди әлем, инсан и камил мәртебесінен тұрады. Ә) Әтуар-ы сабға: нәпсі аммара, нәпсі ләууәма, нәпсі мулхима, нәпсі мутмаинна, нәпсі разия, нәпсі марзия мен нәпсі камила деңгейлері. Б) Хақиқаты Ахмадия; В) Камил табиат уә хақиқаты Мухаммадия; Г) Камил табиат уә инсаны камил; Д) Аяны сабита; Е) Кәлима; Ж) Кутуб; З) Халифатуллаһ; К) Хатамул-әулия. Ол осы мәліметтерді назарда ұстай отырып, адамдарды кемелдік тұрғысынан үш топқа бөледі: 1) пайғамбарлар; 2) Рижалуғайб (тасаууыф түсінігінде әлемді рухани тұрғыдан басқаратындар, оларды құтубтар бастайды, хақиқаты Мухаммадиядан екінші деңгейде нәсіп алғандар, алайда қанша кемел болса да пайғамбарлардан төмен тұрады. 3) Кәміл адам, ол екі түрге ие: а) мүршид. Яғни сәйру сулук рухани негіздеріне қарай рухани білімін тамамдап, лайықтығына сай мүршиді иршад жасауға міндеттеген жан. Кемел тұлға. Әр тариқат мүшелері шейхын осы деңгейде көреді, тіпті одан фәйіз алу үшін осындай түсінікте болуы қажетті. Ә) Кәміл мүмин. Тариқатқа мүше болсын, болмасын Құран мен Сүннет бойынша Алланы жақсы таныған, исламды толық ұстанатын әр мүмин осы қатардан табыла алады (Акот, 2013: 61-62). Абай Құнанбайұлы кемел адамға ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек тән екенін білдірсе, Әлішер Науауи «кемел адам» түсінігінің кейбір қырларына мына бәйітінде назар аудартады:

Афарнишиндин кылыб инсангараз,  
Они ейлеб халк ичинде беиваз.  
Көнглин анинг махзани ирван кылыб,  
Ул тилсим ичре өзни пинхан кылыб,  
Разий махфий ганч олуб бу турфа жисм,  
Сунидин ганч хифизига тилисм,

Хам тилисм ул махзан узра, хам амин,  
Аферин сунинга ей жан аферин! (Novoi, 1960: 19).

Бұл бәйітте Науауи мынаны айтуда: Тәңірі тағала ғалам мен дүниені адам үшін жаратты. Дүниені жаратудағы мақсат – адамды жарату болған. Өйткені адам Тәңірінің осы дүниедегі халифасы. Сол себепті адам көңіліне иләхи білім қазынасы тылсым етілген. Адам осы қазынаны қорғаушы. Егер адам осы қазынаны аша алса, өзін таныса, сол кезде сол ұлылығына қарай қадам басады. Яғни кемелдік өзін тануда әрі өз раббысын тануда және ұғынуда. Осы себепті адам рухы әрдайым Жаратушы Раббтың құзырына таңданып, оған жету иләхи ғашықтық арқылы өтеді. «Абай адамның рухани жағынан кемелденіп жетілу жолында толық адам ұғымын адамшылық сатысының ең жоғарғы басқышына қояды. Толық адам – Абайдың армандаған, аңсаған мұрат-мақсаттарының ең биік қол жетпес асқар шыңы. Толық адам ғана нұрлы ақылдың иесі бола алмақ. «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» (Қажыбай). Абай былай деп дейді: «Енді біліңіздер, ей, перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей ниһаятсыз (шексіз, өлшеусіз) болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді». Осылай Абай толық адамның негізгі шартын береді. Ол шарт – Құдай тағаланың шексіз жолында жүруді өзіне шарт қылып қадам басу. Абай сопылық философиядан алынған «толық адам» түсінігін осылай деп береді (Омаров).

### Нәтижелері және талқылама

Тақырыпты талдай келе мынандай нәтижелерді анықтауға болады: а) Кемел адам (инсаны камил) тақырыбы онтология мен эпистемология тұрғысынан, сондай-ақ діни және ахлақтық тұрғыдан да бірге қарастыру керек көпқырлы мәселеге жатады. Бұл тақырыптың түп негізі философия тарихындағы «кішкентай әлем» (алам-и сағир, микро космос) пен «үлкен әлем» (алам-и кәбир, макро космос) түсініктерімен байланысты исламға дейінгі көне мәдениеттерге дейін барады. ә) Кемел адам тақырыбын алғаш негіздеп ұсынған ойшыл ретінде Мухиддин ибн Араби мойындалады, «Алла Адамды өз бейнесінде жаратты» деген хадисты Халлажы Мансур Алла адамның өзінен табылып, өзінде көрініс бергенімен түсіндіргендіктен, Ибн Ара-

би осы түсінікті ашу үшін Кемел адам мәселесін көтерген. Б) Ибн Арабидың адам түсінігінің орталығын «кемел адам» көзқарасы құрайды. Ол барлық себептердің ең жоғарғысы әрі басты себебі ретінде «Мухаммадия хақиқатын» алға тартады. Ол жаратылыстар арасындағы кемел адам сипаты негізінен хазірет Мұхаммед пайғамбарға тән екендігін білдіреді. Өйткені өзге кемел адамдар (пайғамбарлар мен уәлилер) осы сөздің (кулли ақыл) тек сыртқы көрінісіне ғана ие. В) А. әл-Жили кемел адам туралы ойларын Ибн Араби идеяларымен сабақтастыра тарқатады. Жай пенделерде Кемел кісіндегі иләхи сипат пен қасиеттердің тек көшірмелері ғана бар, олар «түпнұсқа» іспетті Кемел тұлғаға қаншалықты жақындаса, соншалықты кемелдікке қол жеткізеді деген пайым жасайды. Г) А. Нәсәфи кемел адамды жақсы сөз, жақсы амал (іс), көркем мінез бен білім тұрғысынан жетілген тұлға деп қабылдайды. Д) Бұдан басқа да Кемел адамды мағрифатуллаһ, мухаббатутлаһ, ишк уә иштияқ және адамгершілікті қасиеттер (ахлақ-ы хасана) тұрғысынан жетілген жан деп қарастыратын идеялар да бар.

### Қорытынды

Бүгінгі күні кемел адам тұжырымын өзінің кең мазмұнында, аксиологиялық құндылықтары

тұрғысынан қоғамға ұсынудың өзектілігі айқын. Кемел адам мағрифатуллаһта, мухаббатутлаһта тереңдеген, бар ісін ерекше ынтамен атқаратып, көркем мінез иесі. Яғни Алланы терең таныған, оны жаннан тәтті сүйе білген, өте ықыласты әрі мінезін көркем ете білген дара болмыс. Бұндай кемелдік деңгейге жеткен жанның бар ісін Жаратушының разылығына сай атқаратыны, нәпсісін барынша тежеп, өз іс-әрекетін жіті бақылауға алатыны, өз өзіне деген есепті күшейтіп, абыройсыз істерге аяқ баспасы анық. Адам баласы шикі қалыпта осы өмірге келгенімен кемелдікке ұмтылуы оның міндеті. Кемелділік адамның жан-жақты жетілуін талап етеді. Ал кемелдікке жеткен тұлғалар осы өмірде де елдің ықыласына бөленіп, ақыретте де Жаратушының разылығына жетері сөзсіз. Бүгінгі жастар дін жолын үстірт ұғынбауы тиіс. Дін тек сыртқы бейне, формадан ғана тұрмайды. Дін ішкі мазмұнға көбірек мән береді. Адамның сөзі мен ісінің, сыртқы келбеті мен ішкі жан сұлулығының, білімі мен әдебінің үйлесім табуы сирек құбылыс. Кемел адам осы үйлесімге жетуімен өзгелерге үлгі. Жастар имандылық пен білімнің жолы кемелдікке жетелейтінін түсінуі тиіс. Себебі қоғамға тек кемел тұлғалар ғана үлгі бола алады, қоғамды алға сүйрейтіндер де солар. Осы тұрғыдан келгенде бұл ұғымның қазіргі уақытқа көтеріп тұрған салмағы аз емес.

### Әдебиеттер

- Akot B. (2013) Degerler egitimi acisindan insani kamil dusuncesi ve gunumuzde karsilasilan zorluklar. *Journal of Islamic Research*. №24 (11). – 56-70.
- Asim Efendi (1305) *Kamus tercemesi*. – Istanbul: T.C. Türkiye Yazma Eserler Kurumu Başkanlığı. C. II. – 871-873.
- Cebecioglu E. (2004) *Tasavvuf terimleri deyimleri sozlugu*. – Istanbul: Anka yayinlari. – 302.
- Cili A. (1383/1963) *El-Insanul-kamil*. I-II. – Istanbul: Kitsan. – 471.
- Kilic E. (2015) *Muhyiddin Ibnul-Arabi*, DIA. C. XX. – Istanbul: Diyanet Vakfi. – 493-516.
- Kilic E. (2015) *Ibnul Arabi*. – Istanbul: ISAM yayinlari. – 126-127.
- Muhiddinov M., Eltazarov J. (2014) *Ali Sir nevâyi'nin eserlerinde kâmil insan kavraminin yorumu ve onun çağdaş «insani gelişim» düşüncesiyle felsefi-estetik açıdan bağlantıları // Düşüncesiyle Felsefi-Estetik Açısından Bağlantıları*. Türk Dünyası Bilgeler Zirvesi: Gönül Sultanları Buluşması. 26-28 Mayıs Eskişehir 2013. – Eskişehir: Türk Dünyası Kültür Başkenti Ajansı (TDKB). – 489-499.
- Navoiy A. (1960) *Hamsa, Tenkidi Metin, Neşrge tayyarlavchi P.Şemsiyev*. – Taşkent: Fan. – 48.
- Nesefi A. (1997) *Hakikatlerin ozu (Zubdetul hakakik)*, cev.: M. Murat Tamar. – Istanbul: Insan Yayinlari. – 112.
- Simsek H. (2016) *Tasavvufi dusuncede kamil insan karakteri ve insasi*. Uluslararası kişilik ve karakter inşasında dinin yeri sempozyumu. 10-12 haziran 2016. – Ordu: Ordu universitesi. – 431-441.
- Sinanoglu A. (2008) *İslâm düşüncesinde “insan-i kâmil” anlayışı ve Allah ile ilişkilendirilmesinin teolojik değeri // KELAM ARAŞTIRMALARI DERGISI 6:2*. – Ankara: Yayin. – 93-114.
- Анарбаев Н., Әкімханов А. (2015) *Құран Кәрім (қазақша түсіндірмелі аударма)*. – Алматы: «Көкжиек» баспасы. – 624.
- Қажыбай А. «Толық адам» тағылымы // <https://egemen.kz/article/254633-tolyq-adam-taghylymy>
- Омаров Д. Абай толық адам туралы // [https://adebiportal.kz/kz/news/view/abai\\_tolik\\_adam\\_turali\\_\\_22874](https://adebiportal.kz/kz/news/view/abai_tolik_adam_turali__22874)

## References

- Akot B. (2013) Degerler egitimi acisindan insani kamil dusuncesi ve gunumuzde karsilasilan zorluklar [The idea of human perfection in terms of values education and the difficulties encountered today]. *Journal of Islamic Research*. №24 (11). – 56-70. (in Turkish)
- Anarbaev N., Ukimkhanov A. (2015) Qur'an Karim [Kazakh explanatory translation]. – Almaty: «Kokzhiek» baspasy, 624. (in Kazakh)
- Asim Efendi (1305) Kamus tercemesi [Kamus translation]. – Istanbul: Erzincan. C. II. – 871-873. (in Turkish)
- Cebecioglu E. (2004) Tasavvuf terimleri deyimleri sozlugu [Dictionary of Sufi terms and idioms]. – Istanbul: Anka yayinlari. – 302. (in Turkish)
- Cili A. (1383/1963) El-Insanul-kamil. I-II [Al-Insanul-kamil]. – Kahire: – Istanbul: Kitsan. – 471. (in Turkish)
- Kajybai A. ``Tolyk adam tagylymy`` // <https://egemen.kz/article/254633-tolyq-adam-taghylymy>
- Kilic E. (2015) Muhyiddin Ibnul-Arabi, DIA. C. XX [Muhyiddin Ibnul-Arabi, DIA. C. XX]. – Istanbul: Diyanet Vakfi. – 493-516. (in Turkish)
- Kilic E. (2015) Ibnul Arabi. – Istanbul: ISAM yayinlari. – 126-127. (in Turkish)
- Muhiddinov M., Eltazarov J. (2014) Ali Sîr nevâyî'nin eserlerinde kâmil insan kavraminin yorumu ve onun çağdaş «insani gelişim» düşüncesiyle felsefi-estetik açıdan bağlantıları // Düşüncesiyle Felsefi-Estetik Açısından Bağlantıları". *Türk Dünyası Bilgeler Zirvesi: Gönül Sultanları Buluşması. 26-28 Mayıs Eskişehir 2013* [World of Turckic Sages Summit: Meeting of Sultans of Hearts]. – Eskişehir: Türk Dünyası Kültür Başkenti Ajansı (TDKB). – 489-499. (in Turkish)
- Navoiy A. (1960) Hamsa, Tenkidi Metin, Neşrge tayyarlavçi P.Şemsiyev [Hamsa, Criticism Metin, Publisher P. Shemsiyev]. – Taşkent: Fan. – 48. (in Uzbek)
- Nesefi A. (1997) Hakikatlerin ozu (Zubdetul hakakik), cev.: M. Murat Tamar [The essence of truths (Zubdetul hakakik), trans.: M. Murat Tamar]. – Istanbul: Insan Yayinlari. – 112. (in Turkish)
- Omarov D. Abai tolyk adam turaly // [https://adebiportal.kz/kz/news/view/abai\\_tolik\\_adam\\_turali\\_\\_22874](https://adebiportal.kz/kz/news/view/abai_tolik_adam_turali__22874)
- Simsek H. (2016) Tasavvufi dusuncede kamil insan karakteri ve insasi. Uluslararası kişilik ve karakter inşasında dinin yeri sempozyumu. 10-12 haziran 2016 [Perfect human character and human nature in Sufi thought. International symposium on the place of religion in personality and character building. 10-12 June 2016]. – Ordu: Ordu universitesi. – 431-441. (in Turkish)
- Sinanoglu A. (2008) Islâm düşüncesinde “insan-i kâmil” anlayışı ve Allah ile ilişkilendirilmesinin teolojik değeri // *KELAM ARAŞTIRMALARI 6:2* [The understanding of “perfect human being” in Islamic thought and the theological value of associating it with God // *KELAM RESEARCH 6:2*]. – Ankara: Yayin. – 93-114. – 93-114. (in Turkish)